

ӘОЖ 372.881.115.121.22

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СӨЗ ӨНЕРІНЕ БАУЛУ

**Б.Т. Қабатай -**

*п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазНПУ,*

**Р.Т. Қабатаева -**

*Қарағанды қаласы, бастауыш сыныптар мұғалімі*

Еліміздің өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, саяси - әлеуметтік және экономикалық дамудың жана кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу - негізгі міндеттердің бірі.

Ана тілі сабақтарында ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың поэзиялық шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім – болмысымен түсіне білулері жатады. Поэзияны оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде ғана емес, ең бастысы, оқушылардың оған деген көзқарасы, қарым - қатынасында. Әсіресе, оқушылардың көбі поэзиядан гөрі қызықты мазмұны бар, айтайын деген ойының бәрі айқындалып тұратын прозалық шығармаларды ұнатады. Мектеп тәжірибесі мұғалімге оқушыларды поэзиялық шығармаларға қызықтыру, тарту жұмыстарынан гөрі прозалық шығармаларға қызықтыру, тарту жеңілдірек тиетінін көрсетіп отыр. Поэзияда ақын сезімі өмір сүреді, оқушы оны өз сезімімен қабылдайды. Екі сезім түйіскенде ғана, яғни ақын сезімі мен оқушы сезімі түйіскенде, бір-бірін тапқанда ғана ол туралы сөз қозғау тиімді болмақ. Оқушыларды лириканы сүйеге, түсінуге, оны өз еріктерімен оқуға, өмірлік сырлас досы етуге талаптандыру оны оқытудың басты мақсаты болып табылады. Оқушылардың оған деген жағымды көзқарасын қалыптастыру жүйелі жұмысты талап етеді.

Қазақтың ақындық өнеріне және жалпы сөз өнерінің ортақ заңдылықтарына тән өлең тілінің бейнелеу әдістерін саралау, өлең құрылысын, өлшем, шумақ ұйқас түрлерінің арақатынасын аша түсу әдебиеттану ғылымындағы басты міндеттердің бірі.

Бұл тақырыпқа, көркем сөздің төңірегінде жүрген классик жазушыларымыздан бастап, әдебиетші-тілші ғалымдардың да өзіндік үлес қоспағандары кемде-кем. Солардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезовті, Ғабит Мүсіреповті, Ісмет Кенесбаевты, Өлікей Марғұланды, Мұхаммеджан Қаратавты, Бейсенбай Кенжебаевты, Әбділда Тәжібаевты, Мәулен Балақаевты, Зәки Ахметовты, Зейнолла Қабдоловты, Рабиға Сыздықоваларды да айта аламыз.

Жазба әдебиетіміздегі сыршыл поэзияның, яғни, әдеби мағынасындағы нағыз лириканың болмыс – табиғаты туралы кемел пікір, толымды түсінікті төл әдебиеттануымызда алғаш негіздеген – **Ахмет Байтұрсынұлы**. Лирикаға толғау деген балама термин қолдана отырып, «толғау – сөз өнерінің барып тұрған жері, яғни ең биік шыңы»- деп баға берді. «Толғау көңілдің көркем сырларын көрнекті сөздермен айтып білдіріп, адамның көрік ләззаты басқа сөздердің бәрінен де артық болады» [1,453], - дейді.

А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде лириканы «толғау» деп алуының мәні зор. Себебі лирика қасиеті шұбырған оқиғаларда емес, ақынның өзекжарды арман, терең ой, әсерлі сезім иірімдерімен өмір сырын, өмір құбылыстарын шынайы бейнелеп, тереннен көрсетуінде. «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуында» [1,407]. .

Шынында ойлану, толғану, тебірену, күйіну, сүйіну, күлу, жылау, шаттану, шалқу сияқты психологиялық күйлердің бәрі де лирика жанарынан тыс қалмайды. Лириканы түр-түрге бөлерде А.Байтұрсынұлының эстетикалық ойлауының биік деңгейін анық байқаймыз. Көңілді сүйінішті, күйінішті күйге түсірудің басты себептеріне тоқталып: «Күйініш көңілге наразылық тудырады. Көңіл наразылығы мұң туғызады, мұң ой туғызады» [1] - дей келіп, лириканы мынадай түрлерге ажыратады: Сап толғау, марқайыс толғау, налыс толғау, намыс толғау, сұқтаным толғау, сөгіс толғау, күліс толғау. Және бұл жіктеулерді одан әрі іштей мазақ, мысқыл, қулық, сықақ, әзіл деп саралауы, сипаттауы қазақ лирикасындағы психологизм жайлы алғашқы негізді құны бар пікір-тұжырым.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде осындай ойларды Жүсіпбек Аймауытов та жалғастырады. «Абайдан соңғы ақындар» деген мақаласында сезім, көңіл суретін бейнелеуші ақындардың Абайдан кейінгі аздығын айта келе, олардың басты міні сыршыл еместігінде дей келе, көңіл пернесін дөп басып айту қажеттігіне тоқталады. «Мағжанның ақындығы туралы» деген еңбегінде психологизм проблемаларына тіпті тереңдейді: «Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегіннің қапырығы, жанның күйзелуі, көңілінің кірбені көрініп тұрады. Қай өленін оқысаң да, не ақынмен, не өз жүрегінмен сырласқандай боласың» [2, 168-169]. Осы тәріздес ой-пікірлер желісі ешқашан да үзілген емес.

Қай кезең тұрғысынан алсақ та, өлең құрылысының сатылып қалыптасуы, түрленіп – толысуы, әдеби ағымдарымен барабар зерттеліп айқындала түсетіні даусыз. Әрине, оны бағамдап, реттеп отыру ғалымдардың еншісінде. Осы ретте өлең құрылысы, оның теориялық мәселелері жайлы бірқатар іргелі еңбектер қалдырған («Казакское стихосложение» 1964ж, «О языке казахской поэзии» 1970ж, «Өлең сөздің теориясы» 1973 ж. Т.б.) академик Зәки Ахметовты ерекше атауға болады. Зәки Ахметов – ғылымға адал, таным шеңбері шартарап ғалым. Ол тек қазақ өленінің теориясына ғана емес, бүтін түркі өленінің құрылысына қатысты келелі ой айтқан ғалым. Бұған ғалымның 1972 жылы «Советская тюркология» журналында басылған «К вопросу изучения теории тюркского стиха» атты мақаласын айтсақ та жеткілікті. Онда түркі өленінің теориялық өзгешеліктерін қазақ өлендерінің құрылысымен бірлікте қарайды. Қазақ өлендерінің әуезділігіне мән береді.

Өлең сөздің теориясын сөз еткенде З.Ахметов: «Әдебиет теориясы, соның ішінде өлең сөздің теориясы, қатып қалған қағидалардың немесе жекеленген жаттанды қисындардың жиынтығы емес. Теориялық ұғым түсініктер, тұжырымдар жүйелі түрде танылып, көркем әдебиеттің, поэзиясының ең маңызды өзгешеліктерін тереңдеп білуге негіз болғанда ғана теориялық ойдың, зерттеудің айрықша қасиеттері толық аңғарылады. Әдебиет теориясы көркем шығарманың жалаң сыртқы белгілерін тану ғана болмай, оның ішкі сырына бойлаудың, әдеби процестің заңдылықтарын, түкпірлі сипат-ерекшеліктерін байыпты түрде түсінудің құралы болуға тиіс» [3, 5] деп, оның негізгі қағидаларын нақтылай түседі.

Сөз өнерінде тек сыртқы объективті шындық қана емес адамның ішкі жан дүниесі суреттеледі. Адам факторы, оны зерттеп- зерделеу - әдебиеттің айнымас мақсаты, негізгі тақырыбы ғана емес, жалпы көркемдік дамудың басты бағытын айқындайтын адастырмас темірқазығы. Осы тұрғыдан алып қарағанда әдебиеттік оқу қоғамдық, тәрбиелік, эстетикалық категориялар тұрғысынан табиғат әлемін, қоғамдық құбылыстарды, жеке адамның рухани-психологиялық болмысын негізгі нысана етеді. Адам жаны диалектикасының ашылу дәрежесі сөз өнерінің интеллектуалдық және эстетикалық байлығының өлшемі болып қала береді.

Кез келген көркем мәтін бірнеше рухани шындықтың қиылысы ретінде қарастырылады: мәтінді тудырушы автордың көзқарасы мен сол мәтінді қабылдаушы оқырманның, бақылаушының, тыңдаушының ішкі жан дүниесі. Бастауыш сатыда қабылдаушы кішкентай оқырманды тәрбиелеу, мәтін арқылы оның сезіміне әсер ету, рухани дамыту басты назарда болады. Оқырманды тәрбиелеу ісі сауатты оқушы жағдайында ғана мүмкін болмақ.

Сондықтан әсіресе оқушылардың дұрыс, түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқуын жетілдіруге, әдеби сауатын ашуға басты көңіл бөлінеді. Сауаттылықтың түпкі негізгі бастауыш сыныптарда қаланатын болғандықтан, оқушылар сөйлеу әрекетінің түрлеріне (оқылым мен жазылым, айтылым мен тыңдалым) де осы сыныптарда үйрене бастайды.

Сауатты оқушы – кітап оқуға әдеттенген, кітапты өзін қоршаған әлемді білуге және оның өзін - өзі танудағы құрал ретінде пайдалануға дағдыланған адам; ол оқу техникасын меңгерген, оқығанын түсіне алатын деңгейге жетеді.

Балаларға арналған әдебиет туындыларының ерекшеліктері қандай болуы керектігі жөнінде нақты қалыпқа салынған форма жоқ. Қазақ балалар әдебиетін ғылыми тұрғыда алғаш зерттеген Ш.Ахметов балалар шығармаларының ересектер туындыларынан өзгешеліктері ретінде мынандай алты түрін көрсетеді. Олар: 1) көркем образдың нақтылығы;

2) лиризм болуы шарт. «Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы сөздер айтылуы қажетті;

3) міндетті шарттардың бірі – адам характерін суреттеуде динамиканың қажеттілігі. Бұл да балдырған табиғатынан шығатын қажеттілік. Балалар үшін өсу, дамудағы басты керекті процесс – қимыл, динамика – баланың өз әрекетін суреттеп, бейнелеуші ретінде көркем шығарманың құрамды бөлшектерінің бірі болады.

4) көркем пейзаждардың көп болуы. Пейзаждық суреттеу кез келген әдеби шығармада шебер қолданыла білгенде ғана әсерлі. Табиғат суреттері арқылы балалар әдебиетінде кейіпкердің психологиясын көрсетіп, егіздей бейнелеу бар да, балдырған тәрбиесіне қажетті эстетикалық қуат дарытумен бірге танымын қалыптастыру бар.

5) мазмұн мен идеяның бала өміріндегі белсенді ролі. Мазмұнның өзі тақырып пен идеядан құрылса, тың тақырып таба білу, қызықты оқиғаны есте қалатындай суреттей білу – қаламгер шеберлігі.

б) тілінің ойнақы қысқа, түсінікті, айқын, әсерлі болуы балалардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден – бір құрал болып табылады [4,10].

Десек те, зерттеуші ұсынған шарттарының барлығын қабылдаудың жөні жоқ. Бірінші ерекшелік деп берілген дәлдік, нақтылық дегеніміз оқырман ақыл – ойына көркем шындықты сендіріп айтудың жолы, бұл жалпы әдебиетке тән. Екінші, мағыналы сөздер айтылуы керек деген пікір алғашқы пікірге қайшы келеді. Пейзаждық сурет пен мазмұнның идеямен бірлігі барлық кезеңдегі қандай әдебиеттің болсын, оқырманына, кейіпкеріне қарамастан, әрқашан өзгермейтін, көркем тәсілдер қатарында бола беретіндіктен тек балалар шығармаларына қатысты деген түйінмен шектеу дұрыс болмас. Ал, балалар шығармаларындағы оқиғаның өзгермелілігі, динамика, сондай-ақ көркем сөз қолдану, тілдік ерекшелік – міндетті шарттар.

Міне осы шарттар тұрғысынан алып қарағанда әсіресе лирикалық өлеңдерді бала түсінігіне лайық келетіндігін оның сезіммен астарластығымен, психологиямен байланыстылығымен түсіндіруге болады. Қалыптасқан ұғым бойынша, лирика дегеніміз – ақынның ойы мен сезімінің ұштасып, ұласып келіп, тұтас келіп, тұтас көрінуі. Лириканың пәні де, бейнелер ойлары да, бейнелеп көрсетері де – ақынның өз көңіл – күйі. «Лирикалық өлеңде, - дейді белгілі сыншы Н.А.Добролюбов лирикаға байланысты тұжырымдамасында, - ақын өзінің табиғаттағы немесе өмірдегі белгілі бір құбылыстан алған тікелей сезім – түйсігін айтып береді. Бірақ, мұндағы басты нәрсе – сол түйсіктің өзі де, оны ақынның енжар қабылдауы да емес, ақынның сол сыртқы әсерге іштей ұйып, құлай ықылас қоюында. Әдеміліктің, көктем таңының саф мәлдір ауасын жұтудың, кешкілікте қол ұстасып сауық – сайран құрудың рахатын, тағы – тағыларды сезу әркімнің – ақ қолынан келер; ал осы әсерлердің бәрін жан – жүрегіне сол қалпы құйып алып, басқаларға да дәл өзіндей әсер етерлік етіп айтып беру көп адамның қолынан келе қоймайды» [5,5]. Бұл үшін, әрине, ең алдымен талант керек, содан кейін талғам керек. Әсершілдік, әсіре қызылшылдық және шын жүректен тереннен толқып, тебірену де бар. Құбылыстың сыртқы қабын, бояуын ғана көру жеткіліксіз. Оның ішкі мәнін де танып, ұға білу қажет. Нағыз ақын құбылысты, фактіні өзінің ой елегінен, сезім сүзгісінен өткізеді. Лирик ақын өз өлеңінде әртүрлі оқиғалардың негізінде туған күйзелістің мәнін түсіндіріп беруге тырысады. Міне, осылай әрбір ақынның даралығы, жеке стилі қалыптасады.

Поэзия – адам сезімінің айнасы. Ол адамзатты поэзияға ғана тән белгісіз жұмбақ күш пен сезімнің алуан түрлі рахатына бөлейді; жақсы көру, жек көру, сүйсіну, қуану, мұңға бату – осының бәрі тұтастай алғанда адам жанының табиғи нәрі, рахат сәттері. Өйткені мұнның да, қуаныштың да өзіндік ләззаттары бар. Бір сөзбен айтқанда, сезінуге, сезім шалқарлығына тәрбиелейді, адам жүрегінің кез – келген қарабайыр құбылысқа үн қоса бермейтін нәзік қылына жан бітіреді[6]. Поэзияның жұмбақ та керемет күші, міне, осында. Ал сезінудің өзі – адамның жан-дүниесі үшін ең басты ерекшелік, сезіну – бақыт және ол кім көрінгеннің еншісіне тие бермесе керек. Поэзия көп тобырдың бәріне бірдей түсінікті болса, ол ғұмырсыз поэзия болғаны. Ал лирика – сол поэзияның жүрек лүпілі. Сайып келгенде, «поэзия» дегеннің өзі «лирика» деген ұғыммен тұтасып жатады. Әдебиет - өнер, әдебиет - ұлттық қазына, асыл мұра.

Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан классик ақындарымыздың поэзиялық шығармаларынан алынған үзінділерді бастауыш сыныптардың «Ана тілі» оқулығына енгізу арқылы оқушыларды сөз өнеріне булудың мүмкіндігі жоғары. Балаларға лайықты өлеңдерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынады:

а) Өлеңді әуенімен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға, ерекше көңіл бөлу;

ә) Өлеңдегі акынның көңіл күйін бағдарлату, оқушылардың өз сезімі, өлеңнің әсеріне де назар аудару;

б) Тақырыпқа сай музыканы, бейнелеу өнерін, басқа да өнер туындыларын, көрнекілікті үйлесімді, тиімді пайдалану.

в) Тиімді, көңілді оқу жағдайын туғызу, жағымды ахуал жасау.

г) Қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында шығармашылық сипаттағы әдістерді пайдалану[7].

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.

2. Аймауытов Ж. Бес томдық шығ. жинағы. 5-т: – Алматы: Ғылым, 1999.

3. Ахметов З. Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы мен дәстүрі. – Алматы, 1997.

4. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1965.

5. Добролюбов Н.А. Үш томдық шығ. жинағы. – Алматы: Жазушы, 1952.

6. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973.

7. Рахметова С., Қабатай Б., Әмірова Ә. Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін 12 жылдық мектептің 4-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал (байқау нұсқасы). – Алматы: Атамұра, 2006.

#### Резюме

В статье рассматриваются вопросы теории стихотворения в литературоведении, а также пути изучения лирических стихотворения учащимися начальных классов.

#### Summary

In the article are the questions about theory of poems in literature life, and also ways of learning lyrical poems of primary school pupils.

### НЕКОТОРЫЕ ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ РЕШЕНИЮ ЗАДАЧ НА ОСНОВЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТНОГО ПОДХОДА

Л.А. Лебедева –

к.п.н., доцент КазНПУ имени Абая,

В.Р. Курбанова –

студентка 3 курса ППФ, ПМНО КазНПУ имени Абая

Умение решать задачи является одним из основных и сложных в курсе математики начальных классов. Успех формирования этого умения зависит от наличия активных математических знаний, умений и навыков, от опыта их применения, от сформированности свойств мышления. Знания не могут быть ни усвоены, ни сохранены вне деятельности. Качество усвоения знаний зависит от содержания деятельности, в состав которой они вошли. При обучении младших школьников математике одной из таких деятельностей является деятельность по решению задач (причём решение задач выступает как цель учебной деятельности). Результатом этой деятельности и является формирование у учащихся умений решать задачи.

Формирование умений решать задачи не гарантировано ни количеством затрат времени, ни количеством решенных задач. Каковы же условия формирования умений решать задачи? Отметим, что стихийное формирование любых учебных умений, в том числе умения решать задачи, происходит медленно и не всегда эффективно. Следовательно, необходимо целенаправленное, специально организованное обучение умению решать задачи. Эта работа должна проводиться систематически с помощью специально подобранных упражнений, а также в процессе решения самих задач. По результатам наших наблюдений за практикой обучения математике в начальных классах, мы сделали выводы о том, что обучение умению решать задачи, в большинстве случаев, проводится не